



ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ

1 апта

**9-11 сыныптарға арналған
апталық қосымша тапсырмалар**



1 апта



Апталық кітап:

- **9-сынып:** Мұхтар Мағауин “Бір атаның балалары”
- **10-11-сынып:** С.Жүнісов “Аманай мен Заманай”



Апталық челлендж:

«Айлық жоспар»



Апталық жоба:

«Мен тілшімін»



Апталық отбасылық тәрбие сағаты:

«Жауапкершілік»



Отбасы мүшелерімен бірігіп ойнайтын ойын:

«Керісінше жаса»



Отбасымен бірге көруге арналған фильм:

- "Амангелді" <https://www.youtube.com/watch?v=XLzaDS9zOf4>
- "Анаға апарар жол" – www.kinopoisk.ru/film/994609/
- Хористы – www.kinopoisk.ru/film/51481/



Апталық қолөнер жұмысы:

Оригами жасау

1 апта

Апталық челлендж:

- «Айлық жоспар»

Мақсаты: уақытты тиімді пайдалануға дағдыландырады

Орындалуы: “Бір сағатты жоспарлау - он күн жоспарсыз жұмыс істеуден артық” деген ұстаныммен бүкіл отбасы бір ай бойы күнделікті жасайтын істерін жоспарлау арқылы әрекет етеді. Отбасының әрбір мүшесі сол айда не істейтіндігін 4 аптаға бөліп жоспарлайды. Айдың соңында отбасы мүшелері бір үстел басына жиылып, әрқайсысы жоспарлаған жұмыстарының қанша пайызын орындай алғанына есеп береді.

Аптаның жобасы:

- «Мен тілшімін»

Мақсаты: Туыстық, достық қарым-қатынасты жандандыру, қызықты және маңызды сұрақтар қоя білу, өз ойын еркін жеткізе білу.

Орындалуы: Әр оқушыға туыстарынан, досынан, ұстазынан, көршісінен қашықтан сұхбат (интервью) алу тапсырмасы беріледі. Сұхбат ұялы телефонға түсіріледі. Ол кез келген тақырыпта алынуы мүмкін. Мысалы: “Бос уақытты қалай пайдалы өткізуге болады?”, “Өміріңіздегі ең қызықты оқиғалар”. 2-3 күн өткеннен кейін, сұхбаттарды сыныптастарына онлайн режимде таныстырады.

1 апта

Апталық отбасылық тәрбие сағаты:

“Жауапкершілік”

Жауапкершілік жайында ғибратты әңгіме:

«Өмір деген - ұзақ марафон»

Күн ұясына батып, қас қарая бастаған. Жүгіру марафоны біткелі бір сағаттай уақыт өткен. Көрермендердің көпшілігі тарап, спорт алаңын тазалаушылар өз ісіне кірісе бастаған. Соңында қалған бір-екі көрерменмен кетуге ыңғайланып жатқанда мәре сызығына ақсаңдап ақырғы қатысушы да жетті. Әлдеқашан біткен жарыстың соңғы қатысушысы сол жердегі бірді-екілі адамның назарын өзіне аударған еді. Себебі ол аяғынан сорғалаған қанға да, жарыстың жеңімпазы анықталып қойғанына да мән берместен, шойнаңдай басып, мәре сызығына жеткен-ді. Біресе секеңдеп, біресе ақсаңдап сүйретіліп жеткен желаяқты көрген аз ғана адам оған қол шапалақтап құрмет көрсетеді.

Аяғының ауруы жанына батса да, мәре сызығына дейін жетуге талпынған атлет - танзаниялық Джон С. Ахвари болатын. Ахваридың есімі 1968 жылғы Олимпиада тарихына алтын әріптермен жазылды. Оны танымал еткен - марафонның ең соңында келуі емес, мәреге жеткен соң журналистерге берген жауабы еді.

Танзаниялық атлет сол жарыста жүгіріп келе жатып оқыс құлап, ауыр жарақаттанған болатын. Дәрігерлер жарасын таңып,

1 апта

алғашқы көмек көрсеткенімен, Ахвари қатты жүгіруге жарамай қалған-тын. Бірақ спортшы жараның сыздағанына қарамастан, аяғын сүйретіп басып, мәре сызығына жетуге ұмтылды. Журналистің “Жеңілгеніңізді біле тұра мәреге дейін сүйретіліп жетуіңіздің сыры неде?” деген сұрағына Ахвари еш ойланбастан “Елім маған сенім артты. Мені жарысты бастап беру үшін емес, аяқтап келу үшін жіберді” деп жауап береді.

Отбасы мүшелерімен бірігіп ойнайтын ойын:

Атауы: «Керісінше жаса».


Орындалуы: Ойыншылар жүргізушінің айтқанына керісінше әрекет жасайды. Мысалы, “қолымызды көтереміз” десе, түсіреді. Басқа да “секірмейміз, оң жаққа бұрыламыз, алға жылжымаймыз, қолымызды алға қарай айқастырмаймыз, отырамыз” деген секілді сөздер айтуға болады. Жүргізуші айтқанына қарама-қарсы әрекетті орындауда мүдіріп не шатасып қалған қатысушы ойыннан шығып отырады. Еш шатаспай, ойын соңына дейін жеткен адам жеңімпаз болады.

Бұл ойынға барлық отбасы мүшелері қатыса алады.
Тапсырмалар мен қатысушылар санына шек қойылмайды.

1 апта

Апталық қолөнер жұмысы:

Оригами жасау





www.qundylyq.kz